"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1696 06.04.2018

«Боонис КС» ЖШС – нің директоры
С.Б.Шанкөзге
ОҚО, Төлеби ауданы, Ленгер қаласы,
8 март көшесі н/з,
тел.: 8 707 649-92-42

Сіздің 20.03.2018 жылғы №39, №40, №41, №42 шағымдарыңыз бен 29.03.2018 жылғы №52, №53, №54, №55 қосымша шағымдарыңызға, 30.03.2018 жылғы №56, №57 арызыңызға:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)*, Сіздің шағымдарыңызда көрсетілген мәселелерге сәйкес төмендегіні мәлімдейді.

Шымкент қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімімен ұйымдастырылған №2239911-2, №2239950-2 және де №2239981-2, 2240005-2 ашық конкурстарының қорытындылар туралы хаттамаларына сәйкес, «Боонис КС» ЖШС – нің конкурстық өтінімі 4 конкурс бойынша бірдей себеппен, яғни, *«Потенциальный поставщик не соответствует требованиям в части обладания материальными (не представлен автогидроподъемник высотой подъема не менее 12 метров в количестве 1 единиц /потенциальный поставщик представил недостоверную информацию /представленный автогидроподъемник Урал 4310-1912 30 р/н Х150ММ арендованный у ФАО «НГСК КахСтройСервис» согласно письма «ОҚО ІД ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ТІРКЕУ-ЕМТИХАН БӨЛІМІ» №5-9/5435 от 06.03.2018 года был снят с учета 29.03.2013 году//) ресурсами для исполнения обязательств»* деген себеппен конкурсқа қатысудан шеттілген.

Конкурстың қорытындылар туралы хаттаммаларында көрсетілген себепті нақтылау мақсатында, Департамент тарапынан ОҚО ІД Әкімшілік полиция басқармасына *маркасы «УРАЛ 4320 1912 30» тіркеу нөмірі Х150ММ, тех.паспорт ХВ №00040874 техникасының тіркелген немесе тіркелмегендігі жөнінде және де бұл техника ФАО НГСК КАЗСТРОЙСЕРВИС ЦТБ – ға тиесілі не тиесілі еместігі жөнінде немесе қазіргі таңда бұл техниканың қандай нөмірлі техникалық төлқұжатпен кімге тиесілі екендігі жөнінде* сұраныс хат жолданып, жауап алынды.

ОҚО ІД Әкімшілік полиция басқармасының жауабында: *маркасы «УРАЛ 4320 1912 30» м/б Х150ММ ХВ00040874 шанақ 11280528 автокөлігі ФАО НГСК КАЗСТРОЙСЕРВИС ЦТБ атына 10.11.2011 жылы тіркеліп, 29.03.2013 жылы Алматы ТЕБ-мен есептен шыққандығы жөнінде, 11.03.2013 жылы автокөлік Х150ММ мемлекеттік белгісімен ХВ00040874 ККТК-і ФАО НГСК КАЗСТРОЙСЕРВИС ЦТБ атына Атырау қаласы, Геолог е/м, Бірлік көшесі бойынша 05.02.2015 жылға дейін уақытша тіркеуге қойылғаны жөнінде, қазіргі таңда автокөліктің қайта тіркелгені бойынша мәліметтер жоқ екендігі туралы* баяндалған, яғни, конкурстық комиссияның «Боонис КС» ЖШС – нің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысудан шеттету себебі толығымен расталған *(жауапхат қоса тіркеледі)*.

Осыған сәйкес, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім беруші «Боонис КС» ЖШС – нің өтінімін конкурсқа қатысудан шеттетуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

Себебі, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 10 бабы 1 тармағы 3-тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Бұдан бөлек, Сіздің өтінішіңізді қарау барысында, Сіз және Э.Б.Адирбеков арасында жасалған 19.02.2018 жылғы Газ 53 техникасын жалға алу шарты – расталған шынайы құжат ретінде назарға алынғанын мәлімдейміз.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің шағымдарыңызда көрсетілген мәселелер ішінара дәлелін тапты.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Қосымша 1 парақта;

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.: А.Садыкбеков, У.Умирбеков, О.Ажибеков
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген: А.Муратов

Қабылдап алдым.
Шаяхмет С. Б.